

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КЕҢІСТІК ПЕН ТҰЛҒА: АТЫРАУ ӨҢІРІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЛОКАЛЬДІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құлжанова Салтанат Бекниязқызы

6B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 3-курс студенті
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Қазақстан, Ақтөбе

Аннотация. Мақалада Атырау өңірі әдебиетіндегі кеңістік пен тұлға арақатынасы көркемдік-философиялық тұрғыдан талданады. Автор көркем шығармадағы хронотоп мәселесін қарастыра отырып, Жайық, Каспий, Нарын секілді локальді символдардың кейіпкер тұлғасын қалыптастырудағы рөлін айқындайды. Зерттеу барысында Ә. Сәрсенбаев, Х. Ерғалиев, Ф. Оңғарсынова шығармаларындағы табиғат стихиясы мен адам психологиясының сабақтастығы зерделенеді. Сонымен қатар, Махамбет жырларындағы өршіл рух пен қазіргі поэзиядағы экологиялық-рухани ізденістер салыстырылып, аймақтық әдебиеттің жалпыұлттық сөз өнеріндегі маңызы ғылыми негізделеді.

Кілт сөздер: *кеңістік және тұлға, хронотоп, Атырау өңірі әдебиеті, локальді символдар, экологиялық таным, көркемдік әлем.*

Abstract. The article provides an artistic and philosophical analysis of the relationship between space and personality in the literature of the Atyrau region. Considering the issue of chronotope in literary works, the author defines the role of local symbols such as the Zhaiyk River, the Caspian Sea, and the Naryn Sands in shaping the character's personality. The study examines the continuity between natural elements and human psychology in the works of A. Sarsenbayev, Kh. Ergaliyev, and F. Ongarsynova. Furthermore, it compares the rebellious spirit in Makhambet's poems with the ecological and spiritual quests in modern poetry, scientifically substantiating the significance of regional literature within the national art of the word.

Keywords: *space and personality, chronotope, literature of Atyrau region, local symbols, ecological perception, artistic world.*

Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт, яғни хронотоп мәселесі – әдебиеттану ғылымындағы іргелі категориялардың бірі. Әдеби туындыдағы кеңістік тек географиялық нысан емес, ол - кейіпкердің ішкі әлемін ашатын, ұлттық болмысты танытатын және автордың эстетикалық мұратын айқындайтын маңызды құрылымдық элемент. Осы тұрғыдан алғанда, Атырау өңірі әдебиетінің локальді ерекшеліктерін зерттеу - аймақтық әдебиеттің жалпыұлттық сөз өнеріндегі орнын саралауға мүмкіндік береді. Өйткені Атырау өңірінің әдебиеті - қазақ руханиятының айрықша қабаты, мұнда тарихтың терең ізі мен Каспий-Жайық өңірінің өзіндік табиғи болмысы астасып жатыр.

Қазіргі қазақ әдебиеттануында «локальді мәдениет», «аймақтық мектеп» және «кеңістік поэтикасы» ұғымдары жаңаша мазмұнға ие болуда. Атырау өңірі - Махамбеттің өршіл рухынан бастап, Ә. Кекілбаев, Ф. Оңғарсынова, Х. Ерғалиев, Ә.Сәрсенбаев секілді сөз зергерлерінің шығармашылығына арқау болған киелі мекен. Бұл өңірдің әдебиетіндегі «шөл», «теңіз», «өзен» (Жайық) концептілері мен тұлғаның осы ортадағы психологиялық трансформациясын зерделеу - көркем мәтіннің терең қабаттарын ашуға жол ашады.

Атырау өңірі жазушылары мен ақындарының шығармаларындағы кеңістік модельдерін айқындап, сол кеңістіктегі тұлғаның (кейіпкердің) өзіндік сипатын, локальді ерекшеліктердің көркемдік әлемді қалыптастырудағы рөлін ғылыми негіздеу бүгінгі әдебиет зерттеушілерінің назарынан тыс қалған емес. Атырау өңірінен шыққан қаламгерлердің (классикалық және заманауи) прозалық және поэзиялық туындыларындағы кеңістік пен тұлға арақатынасы көптеген зерттеу еңбектерінің нысаны болғандығы анық. Мұндай еңбектерде көркем мәтіндегі «кеңістік»

категориясының теориялық негіздерін саралау, Атырау өңірі әдебиетіндегі басты локальді символдарды (Жайық, Каспий, Нарын) анықтау, кеңістіктің кейіпкер мінезі мен тағдырына әсер ету тетіктерін талдау, аймақтық ерекшеліктердің жалпықазақстандық әдеби процеспен үндестігін көрсету мәселелері қарастырылған.

Атырау өңірінің әдеби локациясы жай ғана мекен емес, бұл - тарихи жадының, азаттық рухының және экологиялық сананың тоғысқан нүктесі. Сондықтан, «кеңістік және тұлға» парадигмасы аясында бұл тақырыпты қарастыру әдебиеттанудың заманауи методологиялық талаптарына толық жауап береді.

Көркем мәтіндегі кеңістік - кейіпкердің ішкі динамикасын айқындайтын басты фактор. Атырау өңірі әдебиетіндегі басты локальді символ - Жайық өзені мен Каспий теңізі. Әбу Сәрсенбаевтың шығармаларында теңіз тек географиялық нысан емес, ол күрескер тұлғаның қалыптасу мектебі бейнесінде көрсетіледі. Жазушының «Толқында туғандар» романындағы теңіз кеңістігі - кейіпкерлердің рухын шыңдаушы, олардың ерік-жігерін сынайтын алып күш. «Толқында туғандар», «Теңіз әуендері» романдарындағы Каспийдің асау ақ жал толқындарымен арпалысып, балық аулаған қайратты жандардың батылдығы шынайы сипатталған. Әр суреткер өзінің көз ашқаннан көрген, бастан өткерген өмірін шығармаларына арқау ететіні секілді, жазушы Әбу Сәрсенбаев та балықшылық кәсіптің қыр-сырын жастайынан меңгеріп өскен жан ретінде «Толқында туғандар» романында осы үрдісті көрсете алған. Романдағы асау толқынмен алыса жүріп ержететін жетім бала Дауылдың бейнесі – жазушының өз прототипі. Әр қаламгер түрлі факторлардың ыстық лебі мен суық ызғарының табы бар өзіне етене таныс өз дәуірін, өзіне дейінгіні жазады. Олай болса, жазушы өз шығармасында мәңгілік адамгершілік идеясы мен ел-жер тарихына, тұлғаларға, мамандық пен кәсіпшілікке т.б. қатысты,

саясаттан ада қаншама мағлұматтарды жткізе білгендігі даусыз. Мұндағы тұлға – табиғат стихиясымен бетпе-бет келген, табиғатпен тұтасқан «еркін адам» [2;17-б.].

Поэтикалық кеңістіктегі Нарын құмы - Атырау өңірі әдебиетінің метафоралық өзегі. Хамит Ерғалиевтің «Құрманғазы» поэмасында Нарын тек шөл емес, ол - тарихтың қоймасы, күй өнерінің бесігі. Х. Ерғалиев кеңістікті дыбыстық (күй сарыны) және визуалды (құм шағылдары) деңгейде бейнелей отырып, тұлғаның еркіндікке ұмтылысын осы локациямен байланыстырады. Ақынның бұл дастаны тек күй құдіретін дәріптеп қана қоймай, халықтың тағдыры мен әлеуметтік тыныс-тіршілігін кеңінен қамтиды. Шығармада әйел теңсіздігі, ұлттар достығы және ел басындағы тарихи шындықтар «Қозыбақ сазы», «Ақсақ киік», «Ерегіс», «Келін жолы», «Тұтқын», «Сот алдында», «Қайран шешем», «Айжан қыз», «Көбік шашқан» [5;1-4-б.] т.б. сияқты жекелеген тараулар арқылы өріледі. Мұнда Құрманғазы жай ғана өнерпаз емес, халықпен біте қайнасқан тұтас тұлға ретінде бейнеленген. Ақын күйшінің «Сарыарқа», «Адай», «Төремұрат», «Көбік шашқан», «Перовский маршы» т.б. сияқты атақты туындыларының шығу тарихын заманның озбырлығы мен әділетсіздігіне қарсы күрес аясында шебер суреттейді. Сонымен қатар, шығармада Жайықтың асау толқындары мен қазақ даласының қатал да сұлу табиғаты асқан суреткерлікпен сипатталып, Құрманғазының рухы мен туған жердің болмысы үндесіп жатады.

Бұл поэмада табиғат көріністері асқан шеберлікпен бейнеленген. Алдыңыздан мидай жазық, жаугершілік заманның өшпес ізі қалған, мұңлы да шежірелі дала жолы менмұндалайды. Төбесінде қара құзғындар қалықтаған, алайда аспаны тұңғиық әрі ашық өлке. Мұндағы көктемнің де өз өрнегі бар: мұзы сөгіліп, сеңі қалқыған асау Жайық пен өткел таппай әбігерге түскен халық, буырқанған ақжал толқындар. Құм перзенті Құрманғазы өзінің туған

жеріндегі ыстық шағылдар мен жусанды белдерді, жыңғыл мен жоңышқалы тепсеңдерді, сағым қуған кеңістік пен тентек теңізді күй құдіретімен тірілтті. Осы себепті де поэманың әр жолынан «Кеңістік – адамның жан дүниесінің проекциясы» деген авторлық тұжырым айқын сезіліп тұрады [1;225-6].

Ф. Оңғарсынованың лирикасында Атыраудың қатал табиғаты (аптап ыстық, соққан жел, ащы сор) кейіпкердің қайсар мінезін ашуға қызмет етеді. Ақынның «Теңіз қайтып, бұйығып жатыр бүгін» , «Теңіз аласапыран», «Тақырды таптап тандыр күн» өлеңдеріндегі туған дала бейнесі - мақтаныш пен мұң араласқан күрделі кеңістік. «Теңіздер – жердің жанары» секілді метафоралармен Фариза ақын тұлғаның оқшаулығын, оның ішкі тәуелсіздігін осы локальді ерекшеліктер арқылы береді. Мұндағы кеңістік - тұлғаның экзистенциалдық ізденістерінің алаңы.

Ақын теңізді, даланы жырлағанда, онымен біте қайнасып, қуанышы мен қайғысын, мұңы мен мақтанышын, жеңісі мен күйреуін тек туған жер арқылы ғана көрсетеді. Мұнда ақын құбылысты нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді. «Теңіз аласапыран» өлеңінде:

Теңіз аласапыран
тұра қашып, көктегі жасқанды бұлт,
Күркіреді жағада тас жаңғырып.
Дауыл құшқан толқындар өршелене
шапшиды аспанды ұрып, - дей келе, өзінің де сол толқындай тентек мінезін
жырға қосады:
Тыныштықпен күн кешпей жай жылымда,
Белді буып ағысқа, қайғы-мұңға
Ақ желкен боп барамын тағдырымның
дауылды айдынында! [3; 130-б.].

Атырау өңірі әдебиетіндегі кеңістік пен тұлға арақатынасын талдау барысында локальді ерекшеліктердің көркемдік қызметі мынадай заңдылықтардан анық байқалады:

- Антропоцентризм: табиғат құбылыстары (дауыл, толқын) кейіпкердің психологиялық күйін (ашу, толғаныс) бейнелеу үшін қолданылады.
- Тарихи сабақтастық: Исатай-Махамбет рухы кез келген локальді сипаттаманың астарында сезіліп тұрады.
- Экологиялық таным: қазіргі заман әдебиетінде Жайық пен Каспийдің тағдыры тұлғаның трагедиясы ретінде көрініс табады.

Қазіргі Атырау поэзиясындағы кеңістікті Махамбет Өтемісұлының жырларындағы кеңістікпен салыстыра талдау зерттеудің ғылыми салмағын арттырып, дәстүр сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді. Махамбет Өтемісұлының поэтикалық әлеміндегі кеңістік «ат үстіндегі» сергек, динамикалық және жауынгерлік сипатқа ие. Оның жырларындағы Кіші жүз қазақтары көтерілісінің географиясы (Нарын, Жайық, Ойыл, Қиыл) тек мекен емес, азаттық идеясының символикалық картасы іспетті.

Махамбет поэзиясында кеңістік екі полюсті, яғни «Кең дүние» мен «Тар қапасты» антитеза формасында жеткізеді. Мысалы, «Еркін дала» («Еділді көріп, емсеген, Жайықты көріп, жемсеген») және «Тар қапас» («Еңсесі биік боз орда, Еңкеймей кірер күн қайда?»). Мұндағы тұлға - кеңістікті игеруші, оны қорғаушы және сол кеңістік үшін жанын пиде етуші болса, Махамбет үшін Жайық - «ердің жайлы қонысы» ғана емес, ұлттық намыстың шебі [4; 57-б.].

Қазіргі Атырау ақындарының: Светқали Нұржан, Мереке Құлкенов, Бауыржан Бабажанұлы шығармаларында Махамбеттегі «асқақ рухты кеңістік» экологиялық және рухани дағдарыс призмасы арқылы көрінеді. Махамбетте Жайық - қайнаған өмір, стратегиялық нысан болса, қазіргі поэзияда Жайық - «арнасы тарылған өзен», «мұңлы кеңістік».

Заманауи мәтіндерде тұлға кеңістікті жаулап алушы емес, оның жоғалып бара жатқан сұлулығын жоқтаушы ретінде көрінеді. Мысалы, С. Нұржанның жырларындағы Нарын бейнесі Махамбеттегідей «ат ойнатар кең жазық» емес, тарихи жадының символына айналған «киелі мистикалық кеңістік» ретінде тереңдей түседі.

Махамбет жырларындағы «локальдік» ұғымы азаттық жолындағы күреспен тікелей байланысты болса, қазіргі поэзияда ол «ұлттық кодты» сақтаудың құралына айналған. Бұл сабақтастық Атырау өңірі әдебиетінің локальді ерекшелігі - мекенге деген шексіз адалдық пен өршіл рухтың сақталуында екенін дәлелдейді.

Атырау өңірі әдебиетіндегі кеңістік (Жайық, Каспий, Нарын құмы) тек географиялық декорация емес, ол кейіпкердің ішкі әлемін, мінез-құлқын және тағдырын айқындайтын құрылымдық-семантикалық өзек болып табылады. Ал өңір әдебиетіндегі тұлға бейнесі Махамбеттегі өршіл рух пен қазіргі дәуірдің экологиялық-философиялық толғаныстарының синтезінен тұрады. Еркіндік сүйгіштік, қатал табиғатпен үндестік және ұлттық кодқа адалдық - осы локальді кеңістіктегі тұлғаның басты сипаттары.

Атырау өңірінің әдеби локациясы - ұлттық рухтың сарқылмас қайнары. Кеңістік пен тұлғаның өзара әрекеттесуін зерттеу болашақта өңірлік әдебиеттің жаңа қырларын (экокритикалық, геопоэтикалық бағыттар) ашуға даңғыл жол салады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерғалиев Х. Таңдамалы шығармалары. — Алматы: Жалын, 1998. — 450 б.
2. Ниетқалиева Г. Толқында туып, от кешкен. 08.05.2015 <https://atr.kz/>
3. Оңғарсынова Ф. Өлеңдер. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. — 224 б.
4. Өтемісұлы М. Жыр-жебе. — Алматы: Дайк-Пресс, 2002. — 150 б.



5. Садықова А.Т., Есетова А. Х.Ерғалиев шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесінің сомдалуы <https://e-history.kz/kz>
6. Сәрсенбаев Ә. Толқында туғандар: Роман. — Алматы: Айғаным, 2015. - 380 б.